

**«Бюрократиясыз аппарат»
Республикалық жобалар конкурсын өткізу
қағидалары**

I. Жалпы ережелер

1. «Бюрократиясыз аппарат» Республикалық жобалар конкурсын (бұдан әрі – Конкурс) Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы (бұдан әрі – Академия) және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі (бұдан әрі – Агенттік) конкурс жарияланған кезде Академияның, сондай-ақ оның өңірлік филиалдарының тыңдаушылары болып табылатын мемлекеттік қызметшілер арасында өткізеді.

2. Конкурстың мақсаты мемлекеттік органдар мен ұйымдардың қызметіндегі бюрократизм мен созбалауды іс жүзінде жоюға ықпал ететін шешімдерді таңдау және дамыту болып табылады.

Конкурстың ұзақ мерзімді міндеттері:

- мемлекеттік қызметшілер арасында көшбасшылық қасиеттер мен белсенді азаматтық ұстанымды ынталандыру;
- Академия тыңдаушылары – мемлекеттік қызметшілердің зерттеу және сараптамалық дағдыларын практикалық бекіту;
- зерттеу және оқу мақсатында бюрократиядан арылу туралы кейстердің деректер қорын құру.

3. «Бюрократиясыз аппарат» Республикалық жобалар конкурсы жылына бір рет өткізіледі және екі турдан тұрады:

Бірінші турды *Академияның конкурстық комиссиясы* өткізеді. Бірінші тур жеңімпаздары Конкурстың екінші турына қатысу үшін іріктеледі.

Екінші финалдық турды *Агенттіктің конкурстық комиссиясы* өткізеді, онда Конкурстың жеңімпаздары айқындалады.

4. Конкурстың бірінші турына қатысушылардың ұсынған жобаларын бағалау үшін Академияның Конкурстық комиссиясы (бұдан әрі – Бірінші тур бойынша комиссия) құрылады, ол 7 мүшеден және хатшыдан тұрады.

Бірінші тур бойынша комиссия мына құрамда құрылады: Академия қызметкерлері (Комиссия төрағасын қоса алғанда, 4 орын), Агенттік өкілі (1 орын), сараптамалық қоғамдастық өкілі (2 орын). Бірінші тур бойынша комиссия хатшысы Академия қызметкерлерінің қатарынан тағайындалады.

Бірінші тур бойынша комиссия төрағасы Комиссия мүшелерінің алқалы жұмысын жүргізеді. Жобаларды іріктеу кезінде дауыстар тең бөлінген жағдайда Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

Бірінші тур бойынша комиссия отырысы, егер оған Комиссия құрамының кемінде 2/3 мүшесі немесе 7 мүшенің 5-еуі қатысса, заңды деп есептеледі.

Отырыстың қорытындылары хаттамамен ресімделеді, оған Бірінші тур бойынша комиссия төрағасы мен хатшысы қол қояды.

Бірінші тур бойынша комиссия қызметін ұйымдастырушылық сүйемелдеуді Академия базасында, оның қызметкерлері жүзеге асырылады.

Республикалық конкурстың жеңімпаздары екінші финалдық турда анықталады. Ол үшін Агенттіктің Конкурстық комиссиясы (бұдан әрі – Екінші тур бойынша комиссия) құрылады және оның 7 мүшесі, Агенттіктің қызметкері болып табылатын хатшысы болады.

Екінші тур бойынша комиссия құрамын Агенттік айқындайды. Оған Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары, мемлекеттік органдардың, «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының, халықаралық, үкіметтік емес, қоғамдық және ғылыми-білім беру ұйымдарының, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері және өзге де адамдар енгізілуі мүмкін.

Екінші тур бойынша комиссия төрағасы – Агенттік Төрағасының орынбасары болады. Екінші тур бойынша комиссия төрағасы Комиссия мүшелерінің алқалы жұмысын жүргізеді. Конкурс жеңімпаздарын айқындау кезінде дауыстар тең бөлінген жағдайда Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

Екінші тур бойынша комиссия отырысы Комиссия құрамының 2/3 мүшесі немесе 7 мүшенің 5-еуі қатысқан жағдайда заңды деп есептеледі.

Екінші тур бойынша комиссия қызметін ұйымдастырушылық сүйемелдеуді Агенттіктің орталық аппаратының қызметкерлері жүзеге асырады.

5. Әрбір жоба бойынша шешім екі тур бойынша конкурстық комиссия мүшелері бағалау парақтарына қойған баллды есептеу арқылы қабылданады (1-қосымша). Егер жобалар бірдей балл жинаған жағдайда, турдың жеңімпаздары тур бойынша конкурстық комиссия мүшелерінің дауыс беруі арқылы айқындалады.

6. Бірінші және екінші тур бойынша комиссия хатшысы:

- 1) конкурсқа қатысушылардың құжаттарын қабылдауды жүзеге асырады;
- 2) конкурстық комиссияның отырыстарын ұйымдастырады;
- 3) Конкурстық комиссия отырысының хаттамасын ресімдейді және конкурс қорытындысы бойынша конкурс жеңімпаздарына материалдар дайындайды;
- 4) Академияның ресми сайтына, әлеуметтік медиаға орналастыру үшін конкурс нәтижелері туралы ақпарат ұсынады;
- 5) дауыс беруге қатыспайды.

II. Конкурс қатысушылары

7. Республикалық конкурсқа қатысуға магистранттар мен докторанттар қатарынан, сондай-ақ конкурс жарияланған сәтте Академияда, сондай-ақ оның өңірлік филиалдарында біліктілікті арттыру семинары мен қайта даярлау курстарында оқып жатқан Академияның тыңдаушылары – мемлекеттік қызметшілер жіберіледі.

III. Конкурс турларын өткізу тәртібі

8. «Бюрократиясыз аппарат» Республикалық жобалар конкурсының бірінші туры ағымдағы жылғы қарашаның бірінші онкүндігінде басталады, екінші тур сол жылдың желтоқсан айының екінші онкүндігінде өткізіледі. Академия сайтында, сондай-ақ медиа ресурстарда хабарландыру жариялау Конкурстың басталуын білдіреді.

9. Конкурс туралы хабарланған күннен бастап үш апта ішінде Конкурсқа қатысуға ниет білдірген Академия тыңдаушылары Академия сайтының **«Бюрократиясыз аппарат» Республикалық жобалар конкурсы** бөлімінде (www.apa.kz) өтінім үлгісін толтырып, жобаның мәтіндік файлын жүктеу арқылы Бірінші тур бойынша конкурстық комиссияға өтінім мен жоба мәтінін жібереді.

10. Өтініш үлгісінде міндетті түрде толтыруға арналған мынадай жолдар болады:

- Аты-жөні
- Ұйым
- Телефон
- E-mail
- Жоба атауы
- Жобаның қысқаша сипаттамасы (**50 сөзден аспайды**)

Жоба мәтіні **700 сөзден аспайтын** көлемде Word бағдарламасында жазылады және келесі бөлімдерден тұрады:

- Проблемалық жағдайдың сипаттамасы
- Ұсынылатын шешім
- Күтілетін нәтиже

Шаблонды толтырып, мәтіндік файлды Академия сайтының **«Бюрократиясыз аппарат» республикалық жобалар конкурсы** бөліміне жүктегеннен кейін, қатысушының электрондық мекенжайына оның өтінімі қарауға қабылданғаны туралы хабарлама жіберіледі.

Әрбір қатысушы бір ғана өтінім бере алады. Ұжымдық өтінімдерге жол берілмейді.

11. Конкурстың екінші турына Бірінші тур бойынша ең көп балл жинаған 10-нан аспайтын жоба жіберіледі. Бірінші тур бойынша конкурстық комиссия отырысының хаттамасына қол қойылғаннан кейін ұйымдастырушылар іріктеліп алынған қатысушыларға Конкурстың екінші финалдық туры өткізу мерзімі мен шарттары жөнінде электрондық пошта және телефон арқылы хабардар етеді. Финалистердің тізімі Академияның сайтында жарияланады.

12. Конкурстың бірінші турында финалистер ұсынған материалдар, сондай-ақ Бірінші тур бойынша конкурстық комиссияның шешімі Агенттікке бірінші тур аяқталған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей жіберіледі.

Конкурстың екінші финалдық туры Астана қаласында өткізіледі, нақты өтетін орнын конкурс ұйымдастырушылары айқындайды.

13. Конкурстың екінші туры барысында авторлар өз жобаларын Екінші тур бойынша конкурстық комиссия мүшелерінің алдында жеке-жеке таныстырады. Баяндама көрнекі слайдтармен сүйемелденеді, олардың жалпы саны титулдық слайдты есептемегенде, үш слайдтан аспауы керек. Баяндама ұзақтығы Комиссия мүшелерінің сұрақтарына жауаптарды қоса алғанда, 7–10 минуттан аспауы тиіс.

14. Жобаларды презентациялау қорытындысы бойынша Екінші турдың конкурстық комиссиясы белгіленген рәсімге сәйкес, Республикалық конкурстың үш жеңімпазын анықтайды (5-тармақ). Екінші тур бойынша қалған қатысушылар Конкурс финалистерінің дипломдарын алады.

IV. Ғылыми жобаларды, конкурсқа ұсынылатын жобаларды ресімдеуге қойылатын талаптар

15. Өтінім мемлекеттік немесе орыс тілінде толтырылады, ол үшін конкурсант сайтта тиісті тілді таңдайды. Өтінімнің таңдалған тіліне сәйкес жобаның мәтіні мемлекеттік немесе орыс тілдерінде жүктеледі. Конкурстың барлық кезеңдерінде плагиатқа, бұрмалауға, бұрын басқа конкурстарда ұсынылған жұмыстарды пайдалануға жол берілмейді.

16. Жоба мәтінін ресімдеуге қойылатын талаптар: А4 форматындағы мәтін; жиегі: сол жағы – 3 см, оң жағы – 1,5 см, жоғарғы және төменгі жағы – 2 см; Times New Roman қарпі, кегль 14; жоларалық интервал – бір жоларалық.

V. Бағалау критерийлері

- Мазмұнның конкурс тақырыбына сәйкестігі
- Материалды ұсынудың толықтығы мен жүйелілігі
- Қалыптасқан мәселенің өзектілігі
- Шешім шығару тетіктерінің болуы
- Күтілетін нәтижелердің шынайылығы

VI. Жеңімпаздарды марапаттау

17. Бірінші турдан өткен конкурс қатысушылары (яғни алғашқы 10 қатысушы) «Бюрократиясыз аппарат» Республикалық жобалар конкурсының финалистері дипломдарын алады.

18. «Бюрократиясыз аппарат» Республикалық жобалар конкурсының екінші финалдық турының жеңімпаздары мен жүлдегерлері I, II және III дәрежелі дипломдармен марапатталады.

«Бюрократиясыз аппарат»
Республикалық жобалар конкурсын өткізу
қағидаларына
1-Қосымша

**Конкурсқа ұсынылатын жобаларды
САРАПТАМАЛЫҚ БАҒАЛАУ ПАРАҒЫ**

Қатысушының коды:

Жұмыстың атауы:

Критерийлер	Баға (1 баллдан 10 баллға дейін)	Пікір
Мазмұнның конкурс тақырыбына сәйкестігі		
Материалды ұсынудың толықтығы мен жүйелілігі		
Қалыптасқан мәселенің өзектілігі		
Шешім шығару тетіктерінің болуы		
Күтілетін нәтижелердің шынайылығы		
Балл жиынтығы:		

Қорытынды:

Комиссия мүшесі:

(қолы)

(аты-жөні)